

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ РЕГЛАМЕНТИ

1-бап. Қолдану саласы және мақсаты

Осы Регламент «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» (бұдан әрі – Университет) мекемесінің ректоратка бағынатын жұмыскерлерінің (жұмысшыларының) еңбекақы төлеу жүйесін және еңбекақы төлеу шарттарын анықтайды. Бұл Регламент Әкілетті Кеңес Басқармасы және Тұртеп жұмыскерлерін қамтымайды

2-бап. Негіздеме

Осы Регламент «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі Жарғысының 5-бабы е) және ж)-тармақтары негізінде және ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес дайындалды.

3-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Регламентте қолданылған терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дайындалған.

1. Лауазымдық айлықақы – ҚР Бюджет Кодексіне сәйкес тиісті жылға белгіленген ең төменгі айлық жалақының мөлшерін №2, 3 қосымшаларда көрсетілген коэффициенттерге көбейту арқылы анықталады;
2. Университет ректораты – Ректор және Ректор өкілі (Бірінші орынбасары).
3. Ректор – университеттің бірінші басшысы;
4. Ең төменгі айлық жалақы (ЕТАЖ) – ҚР Бюджет Кодексіне сәйкес тиісті жылға мемлекет бекіткен айлық жалақының ең төменгі мөлшері.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

4-бап. Еңбекақы (жалақы) төлеу тәртібі

1. Еңбекақы төлеу формасы, қызметтік еңбекақы мөлшерін белгілеу құқығы, үстемдік мен қосымшаақы төлеу және оның мөлшерін белгілеу құқығы осы Регламентке сәйкес белгіленген еңбекақы қоры аясында, Ректор және Ректор өкіліне беріледі. Сыйлықақы, әлеуметтік жәрдем және басқа да марапат тағайындауда университеттің тиісті регламенттері басшылықта алғынады. Еңбекақы қоры білім беру қызметтерінен, кірістің 70%-на дейін белгіленеді.

2. Университет жұмыскерлеріне төленетін барлық төлемдер жұмыскердің (жұмысшының) банктік карточкасына (шотына) аударылады. Университет жұмыскердің банк карточкасына (шотына) ақша аударған кезде банк алатын сыйақыны Университет төлейді.

3. Университет жұмыскерлерінің еңбек ақысын есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытын есепке алу табелі, жеке құрам бойынша бұйрықтар, еңбекке уакытша жарамсыздық параметрлері және басқа да бастапкы және кейінгі құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

4. Жұмыскердің лауазымдық айлықақысы және еңбек ақылары олардың біліктілігі мен функционалды міндеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен берілген (берілетін) тапсырмалардың күрделілігіне қарай белгіленеді. Уақыттық еңбекақы, Университет жұмыскерлерінің негізгі төлем жүйесі болып табылады және сағаттық төлемақы түрі де қолданылады.

5-бап. Еңбекақы төлеу жүйесі

1. Еңбекақының тұрақты бөлігі негізгі лауазымдық айлықақыдан тұрады. Лауазымдық айлықақыларға қосымша ақылар мен үстемеақылар және осы Регламентпен белгіленген басқа да төлем түрлері еңбекақы төлеу қорының құрамдас бөліктері болып табылады.

2. Университет жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақылары атқаратын лауазымдарына сәйкес лауазымдық санаттарына байланысты және қызмет түрі бойынша еңбек өтіліне, тағайындалған біліктілік разрядтарына (жұмысшылар үшін) қарай, лауазымдық айлықақыларын есептеу үшін, регламенттің қосымшаларында көрсетілген тиісті коэффициенттерді КР Бюджет Кодексіне сәйкес тиісті жылға арналған ең төменгі айлық айлықақының мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады.

6-бап. Еңбекақының (жалақының) мөлшері

1. Еңбекақы төлемі үшін жұмыскер лауазымдарының санаттары (лауазым атаулары мен деңгейлері) №1 қосымшага сәйкес белгіленеді.

2. Оқытушы-профессорлар құрамы, әкімшілік персонал, басқарушылық персонал, негізгі персонал және қосалқы персонал лауазымдарының еңбекақылары №2 қосымшага сәйкес белгіленеді.

3. Жұмысшылардың лауазымдық айлықақыларын есептеу коэффициенттері №3 қосымшага сәйкес жүргізіледі.

4. Оқу сабактарын өткізуге тартылатын жұмыскерлердің еңбекақысын сағаттық төлеу түрлі біліктілікті жетілдіру бағдарламалары бойынша дәріс беру және басқа да сағаттық төлеу №4 қосымшага сәйкес бұйрық негізінде төленеді.

5. Университетке ерекше мәртебе берілуіне байланысты, университеттің профессорлық-оқытушы құрамы мен әкімшілік персоналға және басшылық жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелердің белгіленген мөлшеріне жоғарылататын 1,75 коэффициентпен және 1,30 коэффициентпен басқа да жұмыскерлерге жүзеге асырылады.

6. Университет жұмыскерлері үшін бірыңғай қосымша ақы №5 Қосымшага сәйкес жүзеге асырылады. Жұмыскерлерге қосымша ақы белгілеуге негіз болып табылатын «мәртебе», «санат» және т.б. беру, оның тәртібі, сондай-ақ, қосымша ақының басқа да түрлерін белгілеу жұмыс берушінің актілері (соның ішінде еңбек, ұжымдық шарттарда) не Өкілетті Кеңестің шешіміне сәйкес бекітілген регламенттер негізінде жүзеге асырылады.

7-бап. Қосымша ақы мен үстемеақы белгілеу тәртібі

1. Ректор және Ректор өкіліне еңбекақы төлеу қоры шеңберінде жұмыскерлердің лауазымдық айлықақыларына қосымша ақы мен үстемеақы мөлшерін белгілеу құқығ беріледі.

2. Университет жұмыскерлерінің жалпы әлеуметтік жағдайын жақсарту және ынталандыру, білікті академиялық және әкімшілік басқару жұмыскерлерді университетке тарту мақсатында оқытушы-профессорлар құрамына, ғылыми және әкімшілік-шаруашылық, қосалқы жұмыскерлердің айлық айлықақыларына қосымша үстемеақы және сыйақы тағайындау құзіретін Ректор және Ректор өкіліне беру туралы шешім Өкілетті Кеңестің 2018 жылдың 10 қарашадағы 58-Мәжілісінде 17-бапқа сәйкес жүзеге асырылады. Еңбекақыға қосылатын қосымша ақы мен үстемеақы жұмыскерлерге еңбек келісімшартында қарастырылғаннан өзге қосымша міндеттерді жүктеумен байланысты емес. Қосымша ақы мен үстемеақы төлеу іс-сапар кезінде, сондай-ақ жұмыскердің орташа еңбекақысы сақталатын басқа да жағдайларда ескеріледі. Университетке жұмысқа қабылданатын жұмыскерлерге оқу жылы ішінде көрсетілген қосымша ақыны белгілеу туралы мәселе сынақ мерзімі өткен соң бөлім басшысының өтініш хатымен қаралады.

3. Университет штатына алғынған жұмыскерлердің еңбекақыларына қосымша ақы мен үстемеақы Ректор және Ректор өкілінің бұйрығымен белгіленеді. Жарты мөлшерлемемен алғынған штаттық оқытушылардың қосымша ақылары оқу жүктемесіне пропорционалды белгіленеді.

4. Жұмыс беруші белгіленген үстемеақылар мен қосымшаақыларды Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 46-бабында көзделген жағдайларда немесе жұмыскердің еңбек тәртіптемесіне қарай толық қолемде немесе белгілі бір мөлшерін қайта қарап, өзгертуі мүмкін.

8-бап. Еңбекақыға қосымша белгіленетін қосымша ақы мен үстемеақы түрлері

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес ғылым кандидаты және PhD докторы ғылыми дәрежесі бар педагогикалық және ғылыми жұмыскерлерге – 17 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ғылым докторларына – 34 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді, Қазақстан Республикасының тиісті дипломдарын иеленушілерге штаттық кестемен лауазымдық еңбекақы белгіленуі тиіс қаражаттан төленеді.

2. «Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау және бағалау ережесі рейтинг үшін қосымша ақы» ережесіне сәйкес оқытушы-профессорлар құрамының, ғылыми жұмыскерлер мен кафедра, бағдарлама, факультеттер, жоғарғы мектеп, ғылыми-зерттеу институттарының кәсіби рейтингін анықтау шарттары нәтижесінің шешімі негізінде ынталандыру сыйақысы төленеді.

3. Университеттің оқытушы-профессорлар құрамына төмендегі жетістіктерін ескере отырып, оларды ынталандыру мақсатында келесідей үстемеақы қаралып, тағайындалады:

1) Білім және ғылым, ғылыми-техникалық және инновациялық жұмыстағы ірі жетістіктері үшін;

2) Ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалар туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары үшін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіpte ғылымды дамытудағы елеулі үлес қосқаны үшін;

4) үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар, ғылым саласындағы көрнекті жетістіктер үшін.

5) Өкілетті Кеңестің 2014 жылдың 26 маусымдағы 48-мәжілісі шешімдерінің 9.2.7-бабына сәйкес Түркия Республикасы әлеуметтік жәрдем коэффициенттері оқытушы-профессорлар құрамына қосымша ақы белгіленеді.

6) Шет тілдерін кәсіби деңгейде менгерген жұмыскерлерге Өкілетті Кеңестің 2019 жылғы 15 маусымдағы 60 мәжілісі шешімдерінің 10-бабына сәйкес қосымша ақы белгіленеді.

7) Университет жұмыскерлерінің жеке іскерлік қабілетіне және жұмыстың (қызметтің) сапалы орындалуына байланысты лауазымдық айлықақысына қосымша үстемеақы (қосымшаақы) қаралып, тағайындалады.

4. Университет жұмыскерлеріне жоғарыда аталғандардан басқа қосымшаақылар мен үстемеақылар тағайындалуы мүмкін.

9-бап. Өзге де мәселелер

1. Осы регламентте көзделмеген мәселелер КР Еңбек Кодексінің және Қазақстандағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап. Регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Осы Регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізу Университет Ректорының шешімі (ұсынысы) негізінде және Өкілетті Кеңестің бекітуімен жүзеге асырылады.

2. Осы регламенттің бекітілуімен (қолданысқа енгізілуімен) 2020 жылы 21-ақпанда Өкілетті кеңестің №62 мәжілісінің 14.3. бабымен қабылданған «Еңбек ақы төлеу» регламенті мен оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар толығымен қолданысын тоқтатады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің

Күні: 24.02.2024 жыл

Мәжіліс №76

Шешім № 16.6

Лауазымдар тізілімі

ЖАУАЫМДАР НАЗИМІ		
Төлем категориясы	Қызметтердің атауы	Ескерту
1	2	3
БАСҚАРУШЫ ПЕРСОНАЛ		
A-1	Ректор (Президент)	
A-2	Вице-ректор (Ректор орынбасарлары), жауапты хатшы	
A-3	Бас бухгалтер	
НЕГІЗГІ ПЕРСОНАЛ		
B-1	Декандар, кафедра менгерушісі, ФЗИ директорлары, институт директорлары, департамент директоры, ғылыми хатшы, кеңесшілер, ЖАК профессоры, ботаникалық бақ директоры	
B-2	Декан орынбасары; ФЗИ директорларының орынбасарлары, институт директорының орынбасарлары, департамент директорының орынбасарлары, АЯУ профессоры, ЖАК қауымдастырылған профессоры (доцент), бас ғылыми қызметкер.	
B-3	АЯУ қауымдастырылған профессоры (жәрдемші доцент), бас эксперт, ФЗИ зертхана менгерушісі, жетекші ғылыми қызметкер	
B-4	Ғылыми қызметкер, аға-окытушы, дәрігер, эксперт, жетекші эксперт	
B-5	Кіші ғылыми қызметкер, оқытушы, асистент, әдіскер, эксперт	
ӘКІМШІЛІК ПЕРСОНАЛ		
C-1	Бөлім басшысы, кеңсе басшысы, орталық басшылары, музей директоры, бас бухгалтер орынбасары, бас экономист	
C-2	Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейлі мамандар, орталық координаторлары, сектор менгерушісі, орталық қойма менгерушісі, бас энергетик, шаруашылық қызмет көрсетумен айналысадын құрылымдық бөлімше басшысы, Ректор (Президент) және Ректор орынбасарларының (вице ректор) көмекшілері	
C-3	Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орта деңгейлі мамандар	
ҚОСАЛҚЫ ПЕРСОНАЛ		
D	Техникалық орындаушылар	



Лауазымдық енбекақы коэффициенттері

Лауазымдар категориясы	5 жылға дейін	5 жылдан 10 жылға дейін	10 жылдан 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
БАСҚАРУШЫ ПЕРСОНАЛ				
A-1		12,5	12,5	12,5
A-2		10,41	10,41	10,41
A-3		8,3	8,3	8,3
НЕГІЗГІ ПЕРСОНАЛ				
B-1	1,41	1,45	1,49	1,53
B-2	1,31	1,34	1,37	1,40
B-3	1,21	1,24	1,27	1,30
B-4	1,14	1,16	1,18	1,20
B-5	1,1	1,11	1,12	1,13
ӘКІМШІЛІК ПЕРСОНАЛ				
C-1	1,41	1,45	1,49	1,53
C-2	1,31	1,34	1,37	1,40
C-3	1,08	1,09	1,10	1,11
ҚОСАЛҚЫ ПЕРСОНАЛ				
D	1,05	1,06	1,07	1,08



Жұмысшылардың лауазымдық енбекақы коэффициенттері

Біліктілік дәрежесі	Жұмысшылардың қызметтерінің атауы	Коэффициенттер
1	2	3
8	Бригадир, тракторшы	1,04
7	Жүргізуши, тракторшы, бот. бақ жұмысшылары, звеновод	1,03
6	автомобиль слесарі, санитарка, сантехник, электрик, жануарларға қараушы, дәнекерлеуші	1,02
5	Жатақхана кезекшісі, абаттандырушы, көгалдандашы	1,01
4	жұмысшы Кастелянша, өндіріс орындарын тазалаушы, жұкші, қарауыл, аула сыйырушы, гардеробшы	1

Ескерту:

- орындалатын жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызыу және жұмыскерлерге біліктілік разрядтары мен санаттарын беру Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіпперінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА), жұмысшы кәсіпперінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі.

Орындалатын жұмыстардың күрделілігіне қарай көрсетілген қызметтер келесідей разряд диапазондарында тарифтеледі:

- Гимаратқа, құрал-жабдыққа ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету жұмысшысы – 4 разряд;

- Гардеробшы – 1 разряд;

- Өндірістік мекеме тазалаушысы – 2 разряд;

- Жануарларга қараушы – 4 разряд;

- Абаттандыру жұмысшысы – 3 разряд;

- Қарауыл - 2 разряд;

- Жүргізушилер автокөлік пен сыныптылық түріне қарай – 4-б разряд.

Көлік жүргізушилері мынадай жағдайда бір разряд жоғары тарифтеледі:

- 2-3 түрлі автокөліктегі жұмыс істейтін (женіл, әсүк, автобус т.с.с.);

- кәсіпорында, ұйымда, мекемеде арнайы техникалық қызмет көрсету автокөліктегі болмаган жағдайда басқарылатын автокөлікті жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыс кешенін орындағанда.



Сағаттық төлем мөлшері

Білім алушылар контингенті	Сағаттық төлем мөлшері *		
	Профессор, ғылым докторы	Доцент, ғылым кандидаты	Ғылыми дәрежесі жоқ тұлғалар
1	2	3	4
Арнайы орта білімді талап ететін қызметке ие жұмыскерлер			
Инженерлік-техникалық факультетте жүргізушілер, тракторшы-машинистер даярлау бойынша курс тыңдаушылары; мемлекеттік және басқа тілдерді үйрену бойынша курс тыңдаушылары.	0,03***	0,02***	0,01***
Жоғары білім мамандарын даярлау бағдарламасы (бакалавриат) бойынша білім алатын студенттер	0,04****	0,03****	0,02****
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу бағдарламасы бойынша оқытын докторанттар, магистранттар, оқытушы-профессорлар құрамы, басқарушы жұмыскерлер мен мамандар біліктілігін арттыру бойынша университет тыңдаушылары; біліктілікті арттыру бойынша оқу орындарының тыңдаушылары.	0,05*****	0,04****	0,03*****
Оқу дәрістерін өткізуге қатысатын негізгі (қосалқы) персоналдың ішіндегі тұлғаларға, сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі	Ғылыми дәрежесі жоқ тұлғаларға қарастырылған сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі 50 %		

Ұзақтығы кемі бір сағат бір реттік кеңес бір сағат есебінде төленеді.

Сағаттық еңбекақыга демалыс төлемі кіреді.

Жоғары білімі бар ЖКОО қызметкерлері жұмыс күнінен тыс негізгі қызметі бойынша ЖКОО ректорының рұқсатымен осы оқу орнында оқу жылы кемінде 225 сағат мөлшерінде сағаттық еңбекақы төлеу жасайдайларында педагогикалық жұмыс жүргізе алады.

«Халық» құрмет атагына ие тұлғаларға сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі профессорларға, ғылым докторларына қарастырылған мөлшерде, ал «Еңбегі сіңген» құрмет атагына ие тұлғаларға доценттер, ғылым кандидаттарына қарастырылған мөлшерде айқындалады.

Конкурс және байқаудың алқа мүшелерінің, сондай-ақ конкурстық жұмыс рецензенттерінің еңбекақы төлемі студенттермен оқу сабактарын жүргізетін тұлғаларға қарастырылған сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі.

* Сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының республикалық бюджеттік туралы заңымен тиісті қаржысы жылына жыл сайын белгіленетін айлық жасалақының ең төменгі мөлшері және сағаттық төлем коэффициенттерінің тиісті мөлшеріне сәйкес айқындалады.

** Сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі пайызбен айқындалады.

*** Сағаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі:

- ЖКОО-на түсуге даярлық бойынша курстардың, секциялық және банкнерлік жұмыстың оқытушыларының еңбекақысын төлеу үшін;

- тіл үйрету курсары оқытушыларының еңбекақысын төлеу үшін;

- университет, педагогикалық, инженерлік-педагогикалық институт (факультет) студенттері педагогикалық тәжірибе өтіп жатқан оқу-тәрбие мекемелері қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу үшін қолданылуы мүмкін.

**** Сагаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі:

- басқа жоғары оқу орындарынан тартылатын емтихан комиссиясы төрагалары мен мүшелерінің, сондай-ақ өндірістен тартылатын мамандардың еңбекақысын төлеу үшін;

- ректорлардың және проректорлардың білім алушыларды оқытып жатқан пән бойынша мемлекеттік емтихан қабылдан немесе диплом жобасының жетекші болып диплом жұмысын қоргатып жатқан жағдайда Мемлекеттік емтихан комиссиясына қатысқанына еңбекақысын төлеу үшін;

- қабылдау емтихандары кезінде;

- практикалық қызметте шет тілін қолданғаны үшін еңбекақыга қосымша ақы алатын мемлекеттік мекеме қызметкерлерінен шет тілінен емтихан қабылдауда;

- шет тілін жылдам үйрену бойынша курс тыңдаушыларымен, магистранттармен сабак өткізуде;

- басқа ЖОО-нан тартылатын оқытуышылардың студенттердің далалық және педагогикалық тәжірибесіне жетекшілік еткенде қолданылуы мүмкін.

***** Сагаттық еңбекақы төлеу мөлшерлемесі сондай-ақ:

- мекемелердің экономикалық және құқықтық мәселелер бойынша ақылы қызмет көрсету бойынша тарратын ЖОО-ның оқытуши-профессорлар құрамы мен мамандарының еңбекақысын төлеу үшін;

- бөгде ұйымдардың диссертациялық зерттеу кеңесшілері ретінде тартылатын жетекші галымдары мен мамандарының еңбекақысын төлеу үшін (бір докторантқа жылына 50 сагат);

- жетекші қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру бойынша курс тыңдаушыларымен сабак (лекция) өткізгеніне еңбекақысын төлеу үшін қолданылуы мүмкін.

Жұмыскерлер үшін бірынғай қосымша ақы

№ п/п	Жұмыскерлердің мамандықтарының, жұмыстарының, категорияларының атаулары	Қосымша ақы және үстемеақы түрлері	Қосымша ақы және үстемеақыларды арттыру мөлшері
1	2	3	4
1	Жұмыскерлерге	Тұнгі уақытта жұмыс істегені үшін төленетін төлем	Жұмыскердің күндізгі сағаттық мөлшерлемесін ескере отырып 1,5 есе мөлшерде
2	Жұмыскерлерге	Мереке және демалыс күндері жұмыс істегені үшін төленетін төлем	1,5 есе мөлшерден кем емес
3	Жұмыскерлерге	Үстеме жұмыс үшін төленетін төлем	Күндізгі (сағаттық) мөлшерлемеге сүйене отырып, кемі 1,5 есе мөлшерде мерзімдік ақыда әр сағат үшін сағаттық мөлшерлемеден 50 % кесімді ақы
4	Дезинфекциялық құралдарды пайдаланатын өндірістік және қызметтік орындарды; дезинфекциялық құралдарды пайдалану арқылы әжетханаларды тазалауда тазалаушыларға		ЕТАЖ-дан 4 % ЕТАЖ-дан 6 %
5	Жүк және жеңіл автокөлік «1 класс (дәрежелі) жұргізуісі» (В, С, Д, Е категориясы бар) - «2 класс (дәрежелі) жұргізуісі» (В, С, Е немесе В, С, Д немесе Д (Д және Е категориясы бар) дәрежесі бар автобус жұргізуілеріне	Дәрежелі біліктілікке қосымша ақы	ЕТАЖ-дан 7 % ЕТАЖ-дан 4 %
6	Мамандарға, жұмыскерлер мен жұмысшыларға	Уақытша орнында жоқ жұмыскердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы	Орындалатын жұмыс көлемін негізге ала отырып, жұмыскермен келісім бойынша белгіленеді.
7	Мамандарға, жұмыскерлер мен жұмысшыларға	Қызметтерді қатар атқарғаны үшін қосымша ақы (қызмет көрсету аймағының кеңеюі)	Орындалатын жұмыс көлемін негізге ала отырып, жұмыскермен келісім бойынша белгіленеді.
8	Бұрынғы КСРО «Халық» күрмет атағы бар жұмыскерлерге, республика атағын иеленген жұмыскерлерге, бұрынғы КСРО «Еңбегі сіңген» күрмет атағы бар жұмыскерлерге Әрдайым аса курделі және жауапты	Күрметті атағы үшін қосымша ақы	ЕТАЖ-дан 11 % ЕТАЖ-дан 7 %
		Ерекше жағдайларға	ЕТАЖ-дан 6 %-дан кем емес

9	жұмыстарда жұмыс істейтін жоғары білікті жұмысшыларға	қосымша ақы	
10	Зиянды (аса зиянды) және қауіпті (өте қауіпті) еңбек шарттарымен жұмыс істейтін жұмысшыларға	Қосымша ақы	ЕТАЖ-дан 5 % мөлшерінде
11	Мамандарға (әкімшілік және негізгі персонал)	«Бас», «Аға» мәртебесі, «Жоғары» санат «Бірінші санат» «Екінші санат» үшін қосымша ақы	6% лауазымдық айлықақы 6% лауазымдық айлықақы 6% лауазымдық айлықақы 6% лауазымдық айлықақы 6% лауазымдық айлықақы мөлшерінде
12	Мамандарға (әкімшілік және негізгі персонал)	Қосымша ақы	0,1 лауазымдық айлықақы

